ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | №08 (472) 17 мамыр 2019 жыл




## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ, РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

Ұлттық тәлім-тәрбиені іске асыратын ұлттық тіл екені даусыз. Сондықтан халықтың төл тілі қолданылып, мемлекеттік тілде тәрбиенің сіңірілуі басты қағида. Қазіргі уақытта жас ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие беру заман талабына айналды.

3 Бетте

### МЕН ТАҢДАҒАН ОҚУ ОРНЫ

Халықаралық қазақ-түрік университеті еліміздегі үздік оқу орындардың бірі. 10 факультет жұмыс жасайды. Түркі әлемінің түкпір-түкпірінен келген студенттер білім алады. Шет елде академиялық ұтқырлықпен білім алуға да жағдай жасалған.

3 Бетте

### КӨШПЕЛІ КӨРМЕ

Студенттер шығармашылық ізденіс барысында – өмірді шынайы суреттеу, сәндік бейнелеу, абстракциялық бейнелеу әдістерін қолданған. Ізденіс кезінде жарық пен көлеңке заңдылықтарын сақтауға мән беріп, композиция ережелерін мейлінше дұрыс қолдануға ұмтылған, белгілі бір шығармашылық ой айту мақсатын көздеген.

4 Бетте

### КӨКТЕММЕН КЕЛГЕН ЖЫР КІТАБЫ

Жас таланттың ақындық кредосының қалыптасуына тірек болған қазақтың көркем поэзиясы.Солардың қатарында Қасым ақын поэзиясы жас ақынға ерекше әсер еткенін жыр жолдарынан тануға болады.

5 Бетте

### ҰЛТТЫҚ КИІМ КИГЕН ҰТАДЫ

Көктемгі сән топтамасында отандық өнімдердің басым бөлігі этно стильде жарық көрді. Талғамы биік ханымдар таңдай қағысты. Қазақи салт-дәстүрді трендке айналдырғысы келген сәнгерлер күнделікті өмірде де тек қазақша көйлек киюді ұсынды.

8 Бетте

# XII АСТАНА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМЫ

**Елордада XII Астана экономикалық форумы өтті. Аталмыш форум - әлемдегі ең ықпалды сарапшылардың пікірталас алаңына айналды. Жаһандық көшбасшылар мен жетекші халықаралық мамандардың басын қосты. Онда жаһандық дамудың көптеген мәселелері мен міндеттері сараланды.**

Форумның күн тәртібі әлемдік экономиканың, өнеркәсіптің және технологиялардың жаңа салаларын дамыту, сондай-ақ Қазақстанның және әлемнің басқа елдерінің алдында тұрған жаһандық сын-қатерлері сынды маңызды мәселелерді талқылауды қамтыды.

XII Астана экономикалық форумының басты тақырыбы – Шабыттандырушы өсім: Адамдар, Қалалар, Экономикалар. Іс-шараға қатысушылар тұрақты өсудің жаңа жолдарын, адам капиталының дамуы мен білім және инновация халықаралық орталықтары есебінде қалалар әлеуетін күшейтуді талқылауда.

АЭФ іс-шаралары дәстүрлі түрде панельді сессия, дөңгелек үстел, конференция және бизнес-диалог форматында өтті. XII Астана экономикалық форумы алаңындағы ең маңызды іс-шаралар: ел басшылығының қатысуымен өтетін сессиялар, жаһандық комиссияның еңбек болашағы жөніндегі баяндамасын зерттеу және талқылау үшін халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) 100 жылдығына орай Халықаралық конференциясы, 2020 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ жоғарғы органы) 12-ші Министрлік конференциясын даярлау жөніндегі аралық отырысы, БҰҰ аясында тұрақты даму мақсаттары бойынша бірінші қазақстандық форумы, G-Global Халықаралық Хатшылығының қолдауымен әлемдік зияткерлік элита және ҚР үкіметінің қатысуымен стратегиялық сессиясы, Кавказ және Орталық Азия елдерінің, Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің және Моңғолия қаржы министрлері мен орталық банктер басшыларының дөңгелек үстелі.

Аталған келелі шараға оқу ордамыздың ректоры Болатбек Серікбайұлы да арнайы



қатысты. Білім саласына қатысты маңызды мәселелер мен оқыту технологиялары туралы түрлі ғалымдардың ой-пікірін тыңдаған Болатбек Абдрасилов алдағы уақытта жаңа оқу жүйесіне байланысты тәжірибелерді зерттеудің маңыздылығын айтты.

Биылғы жылы EXPO Конгресс-орталығында және Hilton Astana-да өтіп жатқан алқалы жиынға АЭФ-2019 5 мыңға жуық адам қатысты. Солардың жартысы – әлемнің 100-ден астам елінен келген шетелдік делегаттар.

Белгілі саясатшылар мен сарапшылардың қатысуы – іс-шараның өзіне қызығушылықтың арта түскендігінің көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар, ашық диалог пен өзара ынтымақтастыққа даярлықтың белгісі.

**Ұлы Жеңіске 74 жыл!**

# БЕЙБІТШІЛІКТІҢ ТУЫ КӨККЕ КӨТЕРІЛГЕН КҮН

**9 мамыр - әлем тарихында ойып тұрып орын алатын, екінші дүние жүзілік соғыстың соңына нүкте қойылып, Ұлы Жеңіс пен бейбітшіліктің туы көкке көтерілген күн. Сол сұрапылға титімдей болсын қатысы бар ұлттардың ортақ мерекесі бұл. Сол зұлмат жылдардың ащы дәмін татқан, бірі ұлынан, бірі асқар тауынан айырылған отбасылардың, балаларынан бір хабар келер деп елеңдеп өткен қарапайым халықтың жанына тыныштық сыйлаған күн. Жеңістің ақ таңын көруді аңсап жер жастанған батырларымыздың рухы жай тапқан күн. Арада қаншама жылдар жылжып, күндер кешкенменен, елінің амандығы үшін жан берісіп, жан алысып, қан майданды белден кешіп өткен батыр ардагерлерінің ерен еңбегін ұмытқан ел, ұрпақ жоқ шығар. Өткен аптада ғана сіз бен біз болып Ұлы Жеңістің 74 жылдығын атап өттік.Еліміздің түкпір-түкпірінде жылдағы дәстүр бойынша түрлі әскери іс-шаралар,концерттік бағдарламалар,мекемелерде соғыс ардагерлерімен кездесу,сұхбат өткізу сынды дүниелер атқарылды.**

Жылдан жылға қатары азайып келе жатқан, ардагерлерімізге көзінің тірісінде құрмет көрсетіп, бас иіп алғыс айтуды үкімет немесе халық назардан тыс қалдырған емес. Ардагерлерімізге пәтер кілттері тапсырылып,түрлі жеңілдіктер,тағысын тағы қолдан келгенше көмек көрсетілуде. Себебі бұл біз үшін борыш.Осылай қаннен қаперсіз кең тыныстап,туған топырақта алаңсыз алшаң басып жүруіміз сол соғыста қаза болған бабалардың арқасы. Осы себепті қалған ардагер қарттарымызға қызмет ету бізге парыз.Уақыт көп дүниені өзгертті. Ендігі кезекте елдің ұлтарақтай болсын жерін қорғау, халықтың тыныш ұйқысын күзету, бір кездері ардагерлеріміз қолымызға ұстатқан бейбіт өмірдің шырқын бұзбау бізге артылған сенім әрі міндет.Тарихын ұмытпаған ұлт қана алға нық қадам баса алады.Сұрапыл соғыстан кейін жүз жыл емес, сан ғасыр өтсе де ұмытпау, ардагерлер рухына тағзым етіп тұру міне осы ол кісілерге жасалған ең үлкен




сый әрі құрмет. Сол жылдарда соғыс оты шарпып өтпеген отбасы жоқ. Жыламаған сәби, қайғырмаған әйел заты жоқ. КСРО құрамында болып, шайқастың аламанында алдыңғы шекте болған қазақтар, ең көп ерлік көрсетіп, жау апанын бұзған қазақтар бұл біздің емес соғысты өз көзімен көргендердің сөзі. Бізге белгілі тұлғалар арасында Б.Момышұлы,Т.Бигелдинов, Р.Қошқарбаев, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова сынды есімдер ал белгісізі қаншама. Ол туралы Б.Момышұлы атамыздың өзі «Менен де мықты,менен де ақылды қазақтың ел білмейтін талай саңлақ батырлары көз алдымда мерт болды.Тек жеңіс үшін» деген өз дауыс жазбасы бар.Ол жылдары өз бағасын ала алмай өткен батыр ардагерлерге қанша алғыс айтсақ та аздық етері анық.Әрбірінің есімін тарих беттерінде алтын әріппен қалдыру келер ұрпақтың атқарар тағы бір міндеті болмақ.Осындай жолдармен келген бұл жеңіс күнінің құны біз үшін қашан да жоғары.

**Нұрай ИСАНХАН,**
**1-курс студенті**

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

**Таяуда Дайындық факультетінде мектеп бітіруші түлектерге арналған ашық есік күні өтті. Кентау қаласының бітіруші түлектеріне университетімізді таныстыру мақсатында өткен жиынға университетіміздің ректоры Болатбек Серікбайұлы мен студенттік ректор Үміт Тұрсынхан және белсенді студенттер қатысты.**

Болатбек Серікбайұлы университетіміздің жаңа мүмкіндіктерін, халықаралық аренада бәсекелестікке мықты екенін және сапалы білім мен студенттік өмірдің қыр-сырын мектеп бітіруші түлектерге ұғындырды. Оқу ордамыздың тыныс-тіршілігі мен атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы студенттердің сапалы білім алуы үшін жасалынып жатқаны айтылды. Бас қосудан кейін көптеген мектеп бітіруші түлектер университетімізге оқуға түсуге шешім қабылдайтынын айтты. Кеш барысында концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.




**Ақмарал СЕРІКБАЙ, 1-курс студенті**

# ЕЛ БОЛАШАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

**Еліміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Үлкендеріміз жастарға сенеміз, ел болашағы жастар деп бекер айтпаса керек. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші жастар.**

Осы ретте Тұңғыш Елбасымыз Н.Назарбаев «2019 жыл жастар жылы» деп «Мен сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ер жетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңіріңіздер» деген сөз мемлекет пен ұлт болашағы жастар болашағымен тікелей байланысты екенін айқындайды. «Жастар жылы» деп еншілеп үкі таққаннан кейін біз үшін бұл жыл жақсылыққа толы болмақ. Үлкен үміт, зор жақсылықтар күтеміз. Қазақстанның іргелі мемлекетке айналуы біздің қолымызда, жастардың жауапкершілігінде. Қазіргі таңда жастарға арналған бірнеше бағдарламалар ашылып, соның ішінде баспаналы болуға мүмкіндіктер, «Болашақ» бағдарламасымен шетелге шығып білімін жетілдіруге үлкен жол ашылған. Білім алуға, халықтың әл-ахуалын көтеруге мемлекет тарапынан қаншама қолдаулар жасалып келеді.

**Еңлік ҚАЙЫП, 2-курс студенті**

# САХАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТЕР УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ



Тілі, діні бөлек халықтар сабақтастығы біздің университет білімгерлері мен ұстаздары үшін таңсық дүние емес. Оқу ордамызда сан түрлі ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті білім алуда. Бүгін ымыралы шаңырағымызға алыстан ат терлетіп Саха елінен 22 журналист келді. Оларға университетімізде оқып жатқан сол мемлекеттің студенттері жол көрсетіп, осындағы оқу жүйесімен аздап таныстырып өтті. Түркістанда жақында ғана құрылған "Жас журналистер клубының" белсенді жастары келген қонақтардың көңіл-күйін көтеріп, ән шашу етті. Қонақжай халқымыздың дәстүрін паш еткен жас журналистер дін мен тілдің жақсы қарым-қатынас құруға кедергі келтіре алмайтындығын тағы да дәлелдеді.

Сан түрлі ұлттың арасында біте қайнасып, білім алып жатқандықтан болар жат жерден терімізге қонақ келе қалса жиырыла қалатын жастар жоқ. Бәрі кез-келген ортаға сіңісіп кете береді.

Осы орайда, Жас журналистер клубының төрағасы Нұрсұлтан Нәрзілдаға ерекше алғысымызды білдіреміз.

**Ғалия БИСЕЙІТ, 2-курс студенті**

## АПТА АЙШЫҚТАРЫ

**ФОРУМ**. Жуырда оқу ордамызда Түркістан облысын цифрландыру бойынша «Smart Turkistan» атты форумы өтті. Маңызды жиынға 120-дан аса Қазақстандық ІТ-қауымдастық өкілдері, облыс тұрғындары, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, ЖОО-ның басшылары, үкіметтік бизнес қауымдастықтар қатысты. «Smart Turkistan» форумында цифрландыру бойынша Түркістан облысының даму тұжырымдамасы, қызмет көрсету үлгісі, мемлекеттік-жеке серіктестік және т.б. өзара қарым-қатынастың тиімді үлгісі ретінде Vendor Management Office (VMO) арқылы АКТ — шешімдерді жеткізушілермен жұмыс істеудің ашықтығын енгізу сынды өзекті мәселелер қозғалды. Сонымен қатар форумда Түркістан облысының даму тұжырымдамасы талқыланды. Шарада сөз алған университет ректоры Болатбек Серікбайұлы Түркістанның бүгіні мен ертеңін айта отырып, тарихи құндылықтарымызды сөз етті. Оқу ордамыздың ІТ- бойынша қолжетімділіктерін арнайы слайд арқылы көрсетті.

***

**КОНЦЕРТ.** Университетімізде «Отан қорғаушылар күні» мен «Жеңіс күні» мерекелеріне орай мерекелік концерт өтті. Университет президенті Болатбек Абдрасилов, жеңіс күнінің оңайлықпен келмегенін, ардагер аталарға әрқашан да құрмет көрсету ұрпақ парызы екендігін айтты. Қонақтарға ыстық лебізін білдіріп, университеттің Ауған соғысына қатысушы ардагерлерін арнайы шақырып, сый-сияпат табыстады. Кеш барысында университет өнерпаздары патриоттық әндерден шашу шашып, Бастапқы әскери дайындық мамандығының студенттері әскери көріністер көрсетті. «Атамекен» Ұлт аспаптар Фольклорлық ансамблі болса, Дәулеткерейдің күйі «Көроғлыны» орындап көрерменнің көңілінен шықты.

***

**КҮРЕС.**Ақтөбе қаласында Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина университеті спорт кешенінде Қазақстан Республикасының еркін күрестен (ерлер) арасында Х жазғы универсиадасы мамыр айының 06-10 жұлдыздары аралығында өтті. Жарысқа еліміздегі жоғарғы оқу орындарынан 15 команда қатысты. Еркін күрестен (ерлер) командалық есепте университетіміздің спортшылары Х жазғы Универсиаданың жеңімпазы атанды. Өнер факультеті, Дене шынықтыру және спорт мамандықтарының студенттері жекелей ойын бойынша 2 алтын, 2 күміс, 5 қола иемденді. Жалпы командалық есеп бойынша 1 орын алды. Командалар универсиада кубогімен және медальдармен марапатталды.

ӘЗІЛ ӘҢГІМЕ

# АЛТЫН БАЛЫҚ

Қазақстанның шалғай бір ауылында жоқшылықтан сосын әйелінен шаршаған бір кісі тұрады екен. Сол кісі бір күні балық аулауға үйден шығып кетеді. Қармақты суға лақтырып, бір мызғып алмақ болып қисая бергенде, қармаққа балық ілінгенін байқайды. Қарап қалса- Алтын балық. Көзі шарасынан шығып таңырқай қарады.

Алтын балық жігітке:

- 3 тілегіңді орындаймын айта ғой десе, жігіт:

- Менің бір ғана тілегім бар,- депті.

Балық ол қандай десе:

- Ауылдың бәрі аламыз деп жүрген 21 мың теңгені 21 минутта алып берші, әйелімнің арманы орындалсын,-деп күліпті.

- Мынауың қиын екен.Саясатты тізгіндеп отырған қазіргі сайқымазақтардың көксегені көк қағаз ғой.Көк қағазға қол жеткізу қолымнан келіңкіремейді.Басқа арманыңды айт,-депті

- Онда менің әйелімнің аузын жапшы десе,Алтын балық:

-Бірінші тілегің дұрысау,соны орындаймын,- деген екен.

**Аружан ЖАҚСЫБАЙ, 2-курс студенті**

# «АНДА-САНДА» ЗАУЫТЫ

Облыс әкімі екі езуі құлағына жетіп, жаңа зауыттың ашылу салтанатына келіп, лентасын қиды. Қызыл түймені басып қалғаны сол еді, цехтағы станоктарға жан бітіп, отандық түймелер шығарыла бастады. Осындай алып зауытта қызылды-жасылды түймелер шығатынына сүйсінген әкім қуанып кетті. Бірақ ертеңіне зауыт жабылып қалды. Облыс әкімі қайтадан келіп, мән-жайды сұрады.

-Зауыт неге жабылып қалды?

-Білмеймін, - деді зауыт басшысы.

-Онда, атына заты сай болсын деп... Атауын өзгертіңдер,-деп әкім тапсырма берді.

- Өзгерттік, ендігі аталуы "Жабылмаймыз".

Әкім қуанып, директордың қолын қысты. Кетіп бара жатып, артына қараса, зауыттың түтіні тоқтап қалмасы бар ма? Әкім қайтадан зауыт басшысын шақырып алып:

- Не болды , - деп сұрады.

Басын үнсіз иіп тұрған басшы:

- Білмеймін, сіз кетсеңіз, станоктар тоқтап, жұмыс істей алмай қалады. Сондықтан, зауыттың атауын "анда- санда жабылады " деп өзгерттік. Зауыттың жұмыс істеп тұрғанын көріп, қатты қуанды.

Әкім кеткен соң зауыт бір жыл жұмыс істеді. "Анда-санда" ай сайын 29 күн жабылып қалғаны болмаса...

Түймелерде түкке тұрғысыз. Костюміңізге қадап жатсаңыз сынып кете береді. Өйткені түймеге қосылатын шикізатты қу зауыт басшысы мен есепшісі жалап қойыпты. Түйменің тесігін деп (жеудің амалы ғой ) бір тесікті түймелер шығарып жүрген. Кәдімгі жалпақ түйме бірақ ортасында жалғыз тесік. Киімінізге қалай қадарыңызды білмей, дал боласыз. Ақыр соңында түймесіз киім киетін халге жетесіз...

**Мадина Исимова, 2-курс студенті**

# Студенттер беті

# АУДИТОРИЯ



## ӨРКЕН ЖАЙҒАН ОҚУ ОРДАМ!



Өркеннің қоңырауын асыға күтпедім, мүмкін үмітімді үзгенім шығар.

Күн тас төбеге келгенде Өркен хабарласты.

- Алло, Өркен? Не болып жатыр? Жаңалық бар ма?

- Құттықтаймын, Жібек сен оқуға түстің.

(Ол кездегі сезімді айтып жеткізу мүмкін емес шығар.Үстіме біреу келіп мұздай суды төбемнен аударғандай. Ішімде сенімсіздік. Мүмкін мені алдап көңілі қалмасын деп отырған шығар дедім. Себебі шыны керек өзімді түспей қалуым мүмкін деген жағдайға да дайындадым)

- Өркен, мүмкін мен емес шығармын, сұрап көрші жөндеп. Қате естіген шығарсың?

-Жо-жо Жібек, фамилияң Исмайлова емес па, әне жазылып тұр. Исмайлова Жібек Мырзаханқызы.

Менде үн жоқ. Тілім байланған күйі қалдым.

- Жібек сен мемлекеттік емес, Түркия грантында оқитын боласың?

- Ол қалай? Түркияға кетемін ба? Сонда оқимын ба?

- Жоға, тегін оқисың, стипендия бермейді екен.

Мен тегін оқитыныма ризамын.

-Өркен шынымен ба? Мен енді тегін оқимын ба? Түстім ба оқуға? Өтірік айтып тұрған жоқсың ба?

-Жоқ Жібек. Умира апайға хабарлас, сенің келуің керек. Жарайды онда, сау бол. Хабар берейін деп едім, тағы да құттықтаймын.

-Үлкен рахмет, Өркен, сау бол.

Енді бұл хабарды, «Егер оқуға түсе алмасаң базарда картоп сатасың» деген анам мен, «Оқуға түспеген жағдайда Шымкентке оқисың, малды сатып болсын ақылы оқытамын» деген әкеме жеткізуім керек. Далаға шыққанда мамамды көріп :

- Мама, мен оқуға түстім, тегін оқимын мама, журналистикаға түстім мама деп бетіне қарап жылап жібердім. Анамның қуанғаны жүзінен көрініп тұрды. Құшақтап бетімнен сүйді. Мен үшін үлкен жетістік еді. Өзімді тау көтерген Толағайдан мықты сезіндім.

- Мама, папам қайда? Папама да айтайыншы.

-Жаңа күрегін ұстап жүрген, арық басына кеткен шығар деді.

Жобалап жүре беріп едім алдымнан әкем шықты. Жайман қасына барып:

- Папа, тізім шығыпты. Мен оқуға түстім. Мен студентпін енді. Менің атым жазылыпты деп күліп тұрып жыладым. Қуанышым көз жасымен шықты. Әкем де көзі жасқа толып, топырақ қолымен мені құшақтай түсті.

Бұлоқиға туысқандардан сүйінші сұраумен жалғасын тапты.

**P/S.Түркістан - менің армандарымның орындалуына себепкер қала. Университетім мен үшін ең үздігі. Арман қуып келіп едім, жаңа армандарыммен жалғастырған оқу ордам!**

**Жібек ИСМАЙЛОВА,**
**3-курс студенті**

СТУДЕНТ КҮНДЕЛІГІ

## УНИВЕРСИТЕТІМ - МАҚТАНЫШЫМ!

Мен еліміздегі ең алдыңғы санаттағы рухани астананың төрінен орын тепкен, алыстан мен мұндалап тұратын көк күмбезді,түркі тектес халықтардың жастарының басын бір орталыққа жиған, достық пен ынтымақтастықтың айнасы іспетті болған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бақытты студенттерінің бірімін. Неге бақытты болмасқа?Тек мен емес оқу ордамыздағы барлық студенттер 4 жыл көлемінде білім алып қана коймай, ең қызықты,естен кетпес студенттік өмірдің бал дәмін көретіні рас. Университетіміздің халықаралық деңгейде екенін ескерсек, біз тек өз ұлтымызбен шектелмей, түрлі ұлт өкілдерімен араласып, ортамыз кеңейіп, шет тілдеріне деген құштарлығымызбен оларға деген құрметіміз арта түсуде. Университет қабырғасында еліміз бен түркі мемлекеттерінен 9000-ға жуық студент білім алатынын айтпай кету мүмкін емес. Ұлтқа, дінге, жік-жікке бөлініп жүрген топ көрмейсің. Керісінше,әр кабинетте, университет ауласында шуіркелесіп әңгіме дүкен құрып, бір-біріне білмегенін үйретіп жүрген қазақ пен түрік, түрік пен кавказ азаматтарын,ұл-қыздарын көзің көріп, жадырап қоя beresің.Ұлтаралық татулыққа куә боласың.

Университеттің білім беру жүйесі мен талапкерлерге жасалатын жеңілдіктері де ерекше.

Университетімізді еліміздегі басқа білім ошақтарынан ерекшелейтін бағдарлама бар. Қазақстанның мемлекеттік гранттарынан бөлек, жыл сайын Түркия тарапынан 500-ге жуық квота бөлінеді.Егер бағыңыз жанып,біреуін иеленсеңіз,бір жылдық дайындық курсынан өтесіз. Жыл көлемінде түрік, ағылшын тілдерін жетік меңгеріп,қолыңызға диплом алғанша тегін оқисыз. Бұл жарқын болашағыңыз үшін керемет мүмкіндік емес пе? Мен өзім сол квотаның иегерімін.Дайындық курсында түрік тілінен нағыз түрік ұстаздар,орыс,ағылшын пәндерінен де білікті мамандар дәріс берді. Олардың әрбір тоқтаусыз айтып жатқан жаңа сөзін түсінуге,жаттап алуға тырысатынбыз. Біз нағыз студенттік өмірге дайын болып келдік.

Университетте жақсы білім алып, шетелге шығып оқимын десеңіз де түрлі бағдарламалар,тесттік жүйелер бар.Одан бөлек,түрлі клубтар, дебат алаңдары,тіл курстары қызмет көрсетеді. Студенттер игілігі үшін зор мүмкіндік жасалған. Студенттік өміріңізді гүлдендіру өз қолыңызда!

**Нұрай ИСАНХАН,**
**1-курс студенті**



## ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ, РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

Ұлттық тәлім-тәрбиенің, яғни халықтың сан ғасырлық педагогикасының жас жеткіншектерді тәрбиелеудегі алатын орны ерекше. Ұлы ойшыл ғалым, ұстаз Әл-Фараби "Адамға ең бірінші білімнен бұрын тәрбие беру керек, тәрбиесіз берген білім адамзаттың қас жауы" деген екен. Сондықтан, ұлттық тәлім-тәрбие, халықтың сан ғасырлық ойы, тағлымы тәрбие берудегі аса маңызды құндылығы.

Ұлттық тәлім-тәрбиені іске асыратын ұлттық тіл екені даусыз. Сондықтан халықтың төл тілі қолданылып, мемлекеттік тілде тәрбиенің сіңірілуі басты қағида. Қазіргі уақытта жас ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие беру заман талабына айналды.

Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасы рухани құндылықтардың маңызды белгісі болып табылады. Осы арқылы ұлтымыздың ұлттық тәлім-тәрбиесін ерекшеліктерін біле отыратынымызда бар.Сонымен қатар ата-бабаларымыздан қалған естеліктерімізді де айтсақ болады. Мұра болып қалған салт-дәстүрімізді құндылық ретінде көрсек, дәріптесек осының бәрі құндылығымыз емес пе?! Біз тек басты байлығымызды сол тәлім-тәрбиеміз бен ұштастыра білуіміз керек.

Жаһандану дәуірінде көштен қалмай, әрі ұлттық болмыс-бітімді сақтап қалу-басты міндетіміз.

**Айдана ЖҰМАБЕРГЕНОВА,**
**2-курс студенті**

## МЕН ТАҢДАҒАН ОҚУ ОРНЫ

Еліміз сапалы біліммен кезге түсіп, білім саласын заман талабына сай етіп дамытып келеді. Болашағымыз білімділердің қолында екені белгілі. Университетіміз дәл сондай мамандарды дайындап, жарқын болашаққа жол салатынына сенім мол.

Халықаралық қазақ-түрік университеті еліміздегі үздік оқу орындардың бірі. 10 факультет жұмыс жасайды. Түркі әлемінің түкпір-түкпірінен келген студенттер білім алады. Шет елде академиялық ұтқырлықпен білім алуға да жағдай жасалған.

Халықаралық университет армандарымды шындыққа айналдырды. Мендегі мақсат рухани астанаға жетеледі. 4 жылға жуық уақыт өтсе де әлі бұл білім ордасы таңдауым үшін өкіндірмеді. Керісінше жан-жақты дамуға мүмкіндік сыйлады. Білікті мамандар мамандыққа бейімдеп, шыңдап келеді.

Сан түрлі ұлт өкілімен бірге білім алып келеміз. Бірлігі жарасқандықтың айқын көрінісі осы емес па?! Алуан түрлі мәдениетпен танысып, танымымызды кеңейтіп жатырмыз.

Қоғамдық өмірге деген белсенділік біздің студенттерден еш жоғалмаған. Студенттік шақты қызықты әрі әсерлі өткізу үшін түрлі ұйымдар жұмыс жасайды. Ерекше естеліктер көңілден кетсе де естен кетпейтіні анық.

Құрметті жас түлектер! Сіздерді Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетіне келіп, сапалы білім алуға шақырамыз.

**Ғайнижамал АРЫСТАНБЕК,**
**3-курс студенті**

## СЫРЛЫ СУРЕТ ӘЛЕМІ

# КӨШПЕЛІ КӨРМЕ

**Университетіміздің Өнер факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасында студенттер мен профессор оқытушылар құрамының оқу және шығармашылық жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру дәстүрге айналған.**

Шығармашылық көрме біріншіден, студенттердің көркемдік білімі мен біліктілігін айқын көрсететін мүмкіндік болса екіншіден, оқытушылардың әдістемелік қызмет нәтижесінің сапалық деңгейін көрсететін өлшем бірлігі болып табылады. Осындай бағыттағы көрме өткен наурыз айында кафедра, факультет көлемінде ұйымдастырылған болатын. Ал, бұл көрме «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 3-курс студенттерінің «Жастар жылына» арнаған тартуы. «Әлем - жастар көзімен» деген ат беріліп, 2019 жылдың сәуір айының соңында университеттің «Өнер» факультеті, «Бейнелеу өнері» кафедрасы орналасқан №8 оқу ғимаратында ашылды. Мұнан соң ол көрме мәдениет орталығында өткен халықтар достығы фестивалінде қойылды. Соңында ол көрме 1 мамыр мерекесін тойлауға байланысты қала алаңында көрсетілді. Қазіргі кезде көрме №8 оқу ғимаратында көрсетілуде. Көрмеге қоятын картиналарды ілетін мольберттер шағын-жиналмалы, алып жүруге, тасымалдауға ыңғайлы. Бұл жағдай көшпелі көрмені ұйымдастыруға мол мүмкіндік береді.

Көрме жетекшілері: п.ғ.к., доцент Ж. Бейсенбеков, аға оқытушы Г. Абдуллаева. Көрмені ұйымдастырудың мақсаты – студенттерге өз жұмыстарын көрмеге даярлау дағдыларын арттыру, академиялық кескіндеме немесе композиция білімдерін сурет салу барысында қолдануға үйрету, шығармашылық бейнелеу іскерліктерін қалыптастыру. Көрмеге қойылған жұмыстар графика, кескіндеме, акварель, гуащь, тущь, қағаз, қалам сынды бейнелеу түрлері мен әр түрлі сурет салу техникаларын қамтиды. Студенттердің таңдап алған тақырыптары бойынша жұмыстарды жасау стилі – реализм, романтизм және абстракциялық бейнелеу бағыттарын қамтиды. Болашақ суретші-педагогтардың шығармашылық жұмыстарының жанрлары – натюрморт, портрет, пейзаж, тақырыптары – жыл мезгілдері, тұрмыстық көріністерді бейнелеу. Студенттер шығармашылық ізденіс барысында – өмірді шынайы суреттеу, сәндік бейнелеу, абстракциялық бейнелеу әдістерін қолданған. Ізденіс кезінде жарық пен көлеңке заңдылықтарын сақтауға мән беріп, композиция ережелерін мейлінше дұрыс қолдануға ұмтылған, белгілі бір шығармашылық ой айту мақсатын көздеген. Түптеп келгенде шығармашылық топтың көрмесі тек қана студенттердің ізденістері ғана емес, ұстаздардың педагогикалық қызметінің нәтижесі, даралық өлшемі деп бағалауға болады. Жалпы көрмені өзінің басқа көрмелерге ұқсамайтын ерекшелік сипатына қарап оны – «көшпелі көрме» деп атауға болады.








# ӘЙНЕКГРАФИКА КӨРМЕСІ




**Әйнекграфика- (қазақ тілінде) әйнек бетіне сурет салу деген мағына береді. Әйнекграфика шығармашылығы бойынша көрме мамыр айының басында Ахмед Ясауи университетінің Мәдениет орталығында ашылды. Шығарма авторы бір адам. Жеке суретшінің көрмесі. Ол осы университеттің Өнер факультетінің бейнелеу өнері және сызу мамандығының екінші курс студенті, түрік қызы Болгария республикасы Бургас қаласы сурет мектебінің түлегі, қазіргі Шасине Сали. Жетекшісі Бейнелеу өнері кафедрасының оқытушылары Мұрат Шаханбаев, Тугба Шенер.**

Шасиненің әйнекграфикасымен айналысқанына көп болған жоқ. Ол өзіндік шығармашылық дара жолын табу барысында көп ізденді. Көптеген бейнелеу техникалары мен жұмыс істеп, соңында осы бір өзіндік ерекшелігі бар әйнекграфика технологиясына тоқталды. Бұл технология бірінші рет әйнек графикасы деген атқа осы Түркістан топырағында ие болды.

«Әйнекграфика көрмесіне» қойылған шығармалар саны көп емес. Көрермендер назарына жиырмаға жуық графикалық шығармалары ұсынылған. Бірақ бұл жерде мәселе сурет санында емес, оның мәнінде. Суретшінің шығармашылық қызмет ерекшелігі оның жаңашыл технологиясына, әйнек бетіндегі суреттің көркемдік өлшемінің безендірушілік, символдық стиль деңгейінен танылуында. Суретшінің шығармашылық қызмет барысында қолданған бейнелеу әдісі – сәндік көркемдеп бейнелеу бағытын қамтиды. Бұл Ұлы дала өнеріндегі жаңа бағыт бағдарын, жаңа бір бейнелеудегі бетбұрысын танытады. Жанры - анималистік сурет салуды қамтиды. Себебі композиция көріністері аққу мен көгершін сынды бейбітшілік пен бақыт символы болған құстарды бейнелеген. Шасиненің таңдап алған бейнелеу стилі - ою-өрнектер арқылы тіршілік иелерін бейнелеу. Суретшінің ең таңдаулы туындысы – киіз үй бейнеленген логотип стиліне жасалған дүние. Бұл шығарма болашақ суретші - график-педагогтің шығармашылық бағытын анықтайтын паспорты іспетті. Туындының композициялық орталығында киіз үйдің ою өрнек стиліне жасалған бейнесі берілген. Бейненің фоны ашық түсті бояуды иеленген. Көрініс қазақтың кең даласын, биік таулы жайлауды елестетеді.

Шығарма тақырыптары: қос аққу, қос көгершін, ақбөкен, гүлдер, тотықұс, Қазақстан туы, Түркия туы, айтыскерлер, ақбота, көріністері ою-өрнектермен байланысты қарастырылған. Туындылар композициясына ортақ қасиеті – форма белгілерінің қатаң түрде симметрия заңдылығына құрылғандығы. Шығармашылық туындылардың түстік шешімі – контраст түстердің шешіміне құрылған. Негізінен ақ пен қара түстің, ақ пен көк түстің, қызыл мен ақ түстің контрастық шешіміне негізделген. Колориті жағынан алғанда жылы түстермен қатар суық түстер де картина шынайы кіргізген. Негізінен шығармадағы бейне ақ түспен фон қараңғы түспен немесе осыған керісінше – бейне қара түспен фон ақ түспен берілген. Шасине салған бейнелер стилі логатив жасау стилін еске түсіреді.

Қорыта айтқанда Шасине шығармашылығы бейнелеу өнерінің әйнекграфика түріне жатады, бейнелеу стилін ою-өрнектер арқылы этно құндылықтар мен табиғат көрінісін бейнелеу, жанры анималистік бағытты қамтитын шығармашылық болып табылады. Жалпы студент Шасине Сани шығармашылығы өзіндік даралықтың элементтерімен сипатталатын болашағынан үлкен үміт күттіретін болашағы бар шығармашылық тұлға.

**Қуандық ЕРАЛИН «Өнер» факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының профессоры**





# КӨКТЕММЕН КЕЛГЕН ЖЫР КІТАБЫ



Көптен бері жыр оқымап едім, жырға сусап қаппын. «Ұмытшақ көктемді» көрдім, жусап қаппын. Жырымен жұртты аңсатса ақын, Болмас ед, сірә дүние ғапыл...

Тұтып ем үнсіз ақынды жақын, Шығарма ед(і) бір күн, менен де ақын, Байқасам күшті, дегбірің мықты, Әй, болмайды-ау, Бұл апаң сенің, өлеңге пақыр...Кітабың болсын еліңе құтты! Аңсатсын жырың отырған жұртты. Кітабыңды ашып оқыған едім, Мені де бүгін өлең- жыр түртті...

Арқалық Әмәлиятұлының үш бөлімді қамтитын «Ұмытшақ көктем» тұңғыш жыр кітабы қазақ поэзиясын тағы бір ақынмен толықтырды.

Кітаптың алғашқы бетіндегі «Ауыл» өлеңі шынайы мінез бен суретті сөзге құрылып, психологиялық көңіл-күйді шебер бейнелеуден басталған.

Ет жүрегін езіп-езіп, сағыныштан жаны қалған,
Пері көшіне ілесем деп адастырған сағым арман.
Жүрегінің орнына туған жерін салып алған,
Бұл – мен![6б.] – деп келетін жолдар Арқалықтың авто портреті. Өзінің туған ауылы, әкесі, анасы, інісі бәрі де образды бейнеленген. Фольклорда жиі кездесетін литота «Жүрегінің орнына туған жерін салып алған» дейтін тармақты өте сәтті формада қолданған.

Ал «Жұбатуда» риторикалық сұрай арнау үлгісімен, антитезалық шумақ құрап тұр:

Ол қайдан білер дейсің?
Ең жеңіл сөздердің де жаныңа бататынын,
Ең жылы жанардың да тереңінде –
Ғапыл мұң жататынын...

Ол қайдан білер дейсің?
Кафенің де халалы болатынын,
Тас жүректің де адалы болатынын,
Жақынның да жаманы болатынын
Содан жаның қалтырап тоңатынын...[18б.]

Ақын өлеңдерінің алғашқы тарауы тұнған сағыныш жырлары. Мөлдір бұлақты ауылы мен жүрегі бар жайлаулы тауы (Орта жүрек), балалық бал махаббат пен аяулы жақындарына сағынышты сыры баяндалады. Мұң мен сырға құрылған алғашқы бөлім ақынның астарлы ойларын, жастық шағы мен жүрек түкпіріндегі сағынышты хаттарына құрылған. Тарау соңында,

Мен бір күні соңғы шылымды тұтатамын,
Азғырып біткен қу жалған.
Сол күні аспаннан ағады бір жұлдыз,
Жүректің шері мен түтінге уланған...
Сосын тұтатпаймын![28б.]- дейтін шумақ ақын көңіліндегі сыр мен мұңды элегиялық пафосқа сыйғызса, «Элегия» өлеңінде перифразалық сөз орамдарынан шумақ құраған.

Аспанға сүмбіле боп кетіпсің ғой,
Мен жерде мұң теңізін кешіп жүрсем[32б.]

Ақын кітабының «Күнікей көктем» атты екінші бөлімі ешкімге ұқсамайтын жаңа бояумен толыққан.

Оңашада оңтайыма жығылып,
Күмбез шаһар құшағыма құлайды.
Мен сүйемін Түркістанды тәніммен
Ал Түркістан сүйеді екен Құдайды!
Амал не?[30б.] –дейтін жолдар, метонимиялық ұйқас құрап, әдебиетке жаңа әдеби тіркес ала келген. Осындағы «күмбез шаһар» - бүтін Түркістан образын ашып тұр.

Тағы бір ешкімде қайталанбайтын «мұнар ғұмыр», «ғапыл мұң», «күннің қызы» тіркестеріне қарап, ақынның поэзияда өз сүрлеуін тапқанын көруге болады.

Ауыз әдебиетінің кейіпкерлері Күнікей, Ертөстіктер ақын шығармашылығының көркемдік формасына айналған. Бірде сырласы,бірде ғашығы, бірде қала сипатындағы Күнікей мен Ертөстік ақын поэзиясында метафоралық деталь ретінде қолданылған.

Ақын өлеңдерінен теңеудің күрделі формасын да кездестіреміз:«Бозаң беткейдің бүлдіргеніндей»[36], «Изенді даланың иісті ерменіндей» [36], «Қас өзеннің қаламшасындай» [36] сынды көркемдік тәсілдер ешкімге ұқсамайтын соқпақтың ізін танытады.

Қазақ өлең құрылысындағы дәстүрлі 11 буынды өлең өлшемімен берілетін формаға «Уәде», «Ес» өлеңдерімен жаңа түр енгізген. Алғашқы үш тармақ 11 буын, төртінші тармақ 7 буынды құрайды.

Еш ақылды санатыма қоспадым,
Көп азғырды мені күдік сайтаны.
Мені ақымақ деп айтыпты достарым,
Олар да рас айтады!

Сенесің сен, жүзің содан жүдеулер,
Менде жүрмін сол сөздерге көпіріп.
Сені ұмытты десе бір күн біреулер,
Сене көрме өтірік[38]

Жас таланттың ақындық кредосының қалыптасуына тірек болған қазақтың көркем поэзиясы.Солардың қатарында Қасым ақын поэзиясы жас ақынға ерекше әсер еткенін жыр жолдарынан тануға болады.

...Дүниеге келер деген талай Қасым,
Дүниеден өтті қазір талай Қасым.

Солардың рухымен айтам өлең,
Солардың аруағына жайсам өлең.
Ертең-ақ өтіп кетер бір ақынмын,
Қазірше Қасыммын мен, қайта келген!-деп, өзінің рухы биік, жалыны зор даусымен поэзияға қосылған үні бар ақын екенін айғақтап келгендігін жариялайды.

Арқалықтың жыр жазбалары болашақта айтулы ақындар қатарынан орын алып, кемел ақын болатынына сенім ұялатады.

**Роза ЕСБАЛАЕВА**
**Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері**

# «БІЛМЕГЕНІМДІ СҰРАУДАН ҰЯЛМАДЫМ»

